

Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін арттыру факторы ретінде органикалық ауыл шаруашылығын дамытуға инвестициялардың рөлі

¹**АЛИБЕКОВА Вильнара Нурдаuletовна**, магистр, аға оқытушы, vilnara70@mail.ru,

²***ӘБІЛДАЕВ Сұлтан Таласбайұлы**, PhD, қауымдастырылған профессор, sultan_feb@mail.ru,

²**АЛТАЕВА Гульжахан Сериковна**, магистр, аға оқытушы, galtayeva@mail.ru,

²**АМИРОВА Гульмира Қабылбековна**, бейімді доктор, қауымдастырылған профессор, gulmira_gk@mail.ru,

²**МУСАБАЕВА Заузат Қолдасыновна**, магистр, аға оқытушы, zauzat79@mail.ru,

¹«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, Төле би көшесі, 94, Алматы, Қазақстан,

²«М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ, Сүлейменов көшесі, 7, Тараз, Қазақстан,

*автор-корреспондент.

Андатпа. Органикалық ауыл шаруашылығы өндіріс көлемін ұлғайту үшін орасан зор әлеуеті бар және өте үлкен егістік және жайылымдық жерлерге ие Қазақстан үшін перспективалы сала болып табылады. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласында азық-түлік өнімдерінің сапасын арттыруға және болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны сақтауға барлық қажетті жағдайлар жасалған. Қазақстандағы ауыл шаруашылығының бұл саласы 2000 жылдардың басында дамыды, бұл саланы қазақстандық ауыл шаруашылығының мүмкіндіктерін көрген кәсіпорын иелері алға тартты. Кейінірек елімізде органикалық ауыл шаруашылығын дамытуда халықаралық ұйымдар мен жобалар маңызды рөл атқарды. Зерттеудің мақсаты – органикалық ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуетіне инвестицияның рөлін талдау. Жағдайды зерделеу кезінде жалпыға белгілі зерттеу әдістері қолданылды: қазіргі заманғы дереккөздердің мазмұнын талдау, деректерді жүйелеу, салыстырмалы және логикалық талдаулар, жалпылау, көрсеткіштер динамикасын статистикалық талдау. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанның органикалық өнімдер бойынша ЕО, Қытай және басқа да елдерге айтарлықтай экспорттық әлеуеті бар деген қорытындыға келдік. Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, елдің әлемдік аренадағы имиджін айтарлықтай жақсартуға, сондай-ақ нарықтық инфрақұрылымды дамытуға және тұтастай алғанда елдің тұрақты дамуына ықпал ететін инвестиция рөлі өте маңызды.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, ҚР ауыл шаруашылығы, экспорттық әлеуеті, органикалық ауыл шаруашылығы, инвестиция, органикалық өнім.

Кіріспе

Бүкіл әлемде адам денсаулығын сақтау үшін дұрыс тамақтану үрдісі қалыптасқан. Бұл процесте экологиялық таза өнім болып табылатын және оларды өсіруде синтетикалық заттар, пестицидтер, гормондар, антибиотиктер немесе тағамдық қоспалар пайдаланылмайтын органикалық түрде өндірілген өнімдер ерекше рөл атқарады. Осыған байланысты Еуропалық Одақ 2030 жылға қарай

химиялық пестицидтерді 50%-ға, минералды тыңайтқыштарды 25%-ға қысқарту және еуропалық ауыл шаруашылығы құрылымындағы органикалық егіншілік үлесін 25%-ға дейін арттыру жоспарларын белгіледі [1].

Органикалық өндіріс әлемнің 191 елінде жүзеге асырылады, ал органикалық өнімдердің әлемдік нарығы 115 миллиард долларға бағаланады.

Қазақстандағы қазіргі жағдай былай:

ауыл шаруашылығында өңделген 22 миллион гектар жердің тек 1,3 пайызы ғана органикалық өндіріс технологиясымен өңделеді. Еліміздің өнеркәсібінің экспорттық әлеуеті орасан зор, осы жерлерде өсірілетін өнімнің (дәнді және майлы дақылдар) 99 пайызы Еуроодақ елдеріне экспортталады. Еуропада органикалық майлы дақылдар, дәнді дақылдар, бұршақ және жабайы өсімдіктер сұранысқа ие. Қазіргі таңда Қазақстанның органикалық өнім өндірушілер одағы мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қытайға органикалық өнім экспорттауды жолға қою жөнінде келіссөздер жүргізуде.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру үшін инвестиция рөлін анықтау.

Органикалық егіншілікті одан әрі белсендіру үшін келесі алғышарттар бар:

- Өнімділікті арттыру және егін сапасын жақсарту үшін қоршаған ортаға және табиғи ресурстарға антропогендік жүктемені азайтумен қатар ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін балама егіншілік үлгісін енгізу қажет [2];

- биоалуантүрлілікті арттыру, ауыспалы егісте бірнеше дақылдарды қолданудың және органикалық егіншілікте қатар аралығы жүйесін пайдаланудың арқасында биоәртүрліліктің артуы және экожүйенің сауығыуы жүзеге асырылады;

- органикалық өнімге үлкен нарықтық сұраныстың болуына байланысты ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін үлкен мүмкіндіктер жасау;

- органикалық егіншіліктің арқасында ауылдық жерлерде қосымша жұмыс орындарын құру және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін жаңа перспективалар жасау арқылы ауыл шаруашылығының тұрақтылығы артады, халықтың өмір сүру деңгейі жоғарылайды [3].

Артықшылықтармен қатар, бұл мәселеде бірқатар маңызды проблемалар да бар:

1. Ішкі және сыртқы нарықтарда үлкен әлеуетке және артып келе жатқан сұранысқа қарамастан, жеміс-көкөніс секторында бірде-бір сертификатталған органикалық өндіруші жоқ.

2. Ауылдық фермерлердің алдында тұрған ең үлкен қиындықтардың бірі – нарыққа қолжетімділіктің жоқтығы.

3. Органикалық ауыл шаруашылығы бастапқы шығындардың жоғарылығымен сипатталады.

Зерттеу әдістемесі

Органикалық өнімдер нарығын талдау үшін монографиялық және абстрактті-логикалық әдістер қолданылды. Талдау FiBL және IFOAM деректер базасына (органика-

лық ауыл шаруашылығының әлемдік статистикасы және жаңа тенденциялар) және органикалық егіншіліктің еуропалық және әлемдік статистикасына негізделіп жүргізілді. Қазақстандағы органикалық азық-түлік нарығының дамуы туралы толық деректердің болмауы өнім ассортименті бойынша көрсеткіштерді толығырақ шолуды қиындатты. Осыған байланысты ҚР ауыл шаруашылығының ЖҰӨ А/ш негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі тәуелділігіне регрессиялық талдау жасалынды.

Зерттеу нәтижелерін талдау

2021 жылғы мәліметтер бойынша органикалық ауыл шаруашылығы 191 елде ұсынылған [1]. 2021 жылы 2000 жылмен салыстырғанда органикалық өнімдердің жандық бөлшек саудасы 8,2 есе өсіп, 124,84 миллиард еуроға жетті. Grand View Research болжамдарына сәйкес, нарық жылына 15-16% қарқынмен өсуді жалғастырады және 2025 жылы шамамен 212-230 миллиард долларға жетеді.

20 жыл ішінде әлемдік органикалық нарық 7 есе өсті. Өсудің себебі келесідей:

- халықтың өмір сүру деңгейін арттыру;

- Ковид-2019 пандемиясынан кейін денсаулықты жақсартуға деген ұмтылыс.

Органикалық өнімдердің негізгі тұтынушылары – табысы жоғары адамдар мен 7 жасқа дейінгі балалары бар отбасылар. Әлемде тұрақты түрде органикалық өнімдерді тұтынатын адамдардың саны да 15 жыл ішінде кемінде бес есе өсіп, ~700 миллион адамды құрады. 1-суреттен көріп отырғанымыздай, негізгі тұтынушылар – гүлденген, дамыған елдерде тұратын жоғары немесе орташа табысы бар адамдар.

Органикалық өнімдердің ең үлкен нарығы АҚШ-та, үлесі 39% құрайды. Одан кейін Германия (13%), Франция (10%) және Қытай (9%) иеленген.

Соңғы бес жылда соңғысының үлесі шамамен 4 пайыздық тармаққа өсті [1].

2017 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде Австралия мен Бельгия (+1,5 есе), Дания мен Австрия (+1,4 есе), Нидерланды (+1,2 есе) тұтыну көлемін айтарлықтай арттырды.

Соңғы бес жылда органикалық өнімдерді тұтынудың орташа жылдық өсу қарқыны Иранда, Сауд Арабиясында және Біріккен Араб Әмірліктерінде байқалды. Жақын болашақта нарық жыл сайын 12%-ға серпінді өсуді жалғастырады деп күтілуде [1].

2021 жылы 2000 жылмен салыстырғанда органикалық ауылшаруашылық алқаптарының көлемі 5,1 есе ұлғайып, 76,4 млн гектарды құрады.

2021 жылдың соңында әлемде 3,7 миллион органикалық өнімдерді өндірушілер болды, оның ішінде Үндістан 43%, Уганда –

11% және Эфиопия – 5,4% құрады [1].

Ірі экспорттаушы он елдің үлесі жалпы органикалық тауар айналымының 76%-ын құрады.

Инвестициялардың саны мен көлемі кез келген коммерциялық сектордың өсуі мен табысында маңызды рөл атқарады. Органикалық ауыл шаруашылығы бұл экономикалық шындықтан ерекшелік емес. Ауыл шаруашылығының орнықтылығы қағидаттарына сәйкес елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және елдің экспорттық әлеуетін арттыруға ықпал ететін аграрлық өндірістің ресурс үнемдеуші, инновациялық дамуы. 1-суретте осы сегменттегі әлемнің алдыңғы қатарлы елдеріндегі инвестициялық қолдау шаралары келтірілген.


Қазақстан Республикасының осы саласының жағдайы төмендегі сипатқа ие.

Қазақстан 2022 жылы Еуропаға органи-

калық өнім экспорт арқылы \$35 млн табыс тапты. Соған қарамастан, 2022 жылы органикалық ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жер көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 14,3 пайызға қысқарды.

Алматы және Жамбыл облыстарында экспортқа бағдарланған экологиялық таза ауыл шаруашылығын қолдау бойынша пилоттық бағдарлама іске асырылуда.

Мысалы, Алматы облысында 10 жылдан астам уақыт бойы «Еңбекшіқазақ ауданының жергілікті қоғамдастықтар Қоры» ҚК коммерциялық емес ұйымы ауыл шаруашылығының экологиялық нысандарын дамыту бойынша «Шелек фермерлері» жобасын іске асыруда, оның шеңберінде 5 мыңға жуық ауыл тұрғыны Шелек ауылындағы Агробизнес-орталығында арнайы ашық бағдарлама шеңберінде оқудан, тағылымдамадан және қосымша курстардан өтті. Аудан шаруашы-



1-сурет – Әлем елдеріндегі Органикалық ауыл шаруашылығына инвестициялық қолдау шаралары

Ескерту: European and global organic farming statistics: <https://statistics.fibl.org/organicwithoutboundaries.bio/> деректері негізінде автормен құрастырылған

лықтарында ресурстарды оңтайлы пайдалануға бағытталған 25 озық агротехнология енгізілді. Жоба Флорида университетінің (АҚШ) және Қазақ ұлттық аграрлық университетінің, «Филип Моррис Қазақстан» ЖШС қолдауымен жүзеге асырылуда. Кооперативке біріге отырып, фермерлер өз өнімдерін Қазақстанның ірі сауда желілеріне жеткізеді. Бүгінгі таңда құс шаруашылығы қоқысты өңдеуге, биогаз қондырғыларын салуға және органикалық тыңайтқыштар өндіруге мүдделі. Осыған байланысты, АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша тауар өндірушілерді инвестициялық субсидиялау қағидалары шеңберінде (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы м.а. министрінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрық) «қуаты тәулігіне 150 тонна тауық көңін қайта өңдеуге арналған техника мен жабдықтар сатып алу» жобасының паспорты көзделген, яғни мемлекет жабдық пен техника құнының 25% өнім өндірушілерге өтейді [4, 5].

Органикалық ауыл шаруашылығы бойынша деректер жеткіліксіз болғандықтан, біз 2011-2022 жылдар аралығында осы салаға салынған инвестиция көлемінің ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнімі көлеміне әсерін талдаймыз.

Регрессия теңдеуінің пішіні келесідегідей: y (инв22) = 01154x-168,05

Детерминация коэффициенті R-квадрат = 0,968. Бұл модельдің есептелген параметрлері 96,8% екенін білдіреді, модельдің сапалы және ауыл, орман және балық ша-

руашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) ағымдағы бағалардағы жалпы шығарылымының ауыл шаруашылығына салынған инвестиция көлеміне жоғары тәуелділігі бар екенін түсіндіреді.

Елде субсидиялау тетігі жоқ. Фермерлерге қаржылық, техникалық және ғылыми қолдау көрсетіледі, бірақ органикалық саланың инновациялары бойынша консалтингтік қызметтер көрсетілмейді. Субсидия мәселесі біршама уақыттан бері фермерлер үшін ерекше өткір мәселе болып қалып отыр. Әзірге субсидияны химиялық пестицидтер мен синтетикалық тыңайтқыштарды қолданатын шаруалар ғана ала алады. Ал қоршаған орта мен адам үшін қауіпсіз биологиялық өнімдердің құны жоғары және субсидиялауға жатпайды.

Бұл мәселелердің тұтас кешені экологиялық таза өндіріске көшпей-ақ дәстүрлі егіншілікті жалғастыру оңай деген тұжырымға әкеліп соқтырады.

2015 жылы Қазақстанда «Органикалық өнімдерді өндіру туралы» Заң қабылданды, ол келесілерді көздейді: органикалық өнім өндірушілерді арнайы Тізілімге тіркеу, «Органикалық өнімдерді өндіру және олардың айналымы ережелерін» енгізу, Органикалық өнімдерді өндіруде және органикалық өнімдерді міндетті түрде таңбалауда қолданылатын рұқсат етілген құралдар Тізбесін бекіту. Органикалық өнімдерді сертификаттау ҚР СТ 1618-2007 «Экологиялық таза өнімдер. Негізгі ережелер» бойынша жүргізіледі.

Қазір Қазақстанда органикалық өндіріс-



2-сурет – 2011-2022 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнімі мен осы салаға салынған инвестиция көлемінің динамикасы

Ескерту: Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі Ұлттық статистика бюросы деректері негізінде автормен құрастырылған

ті дамыту белсенді түрде қалыптасуда, 30-ға жуық сертификатталған өндірушілер бар, олардың үлесіне органикалық өнім өндіру үшін игерілген 300 мың гектардан астам жер (барлығы 98,5 млн га ауыл шаруашылығы жерлері) тиесілі. Қазақстандық органикалық ауыл шаруашылығы секторы экспортқа бағытталған, бірақ қажетті жағдай жасалған жағдайда ішкі нарықты да дамытуға болады. Сонымен қатар, органикалық ауыл шаруашылығын дамытуға қолдау көрсетіліп жатқанымен, органикалық тыңайтқыштар «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңымен субсидиялау бағдарламасынан алынып тасталған. Жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығының сарапшылары бұл факт Қазақстан нарығында органикалық тыңайтқыштарды ілгерілетуге ықпал етпейтінін атап өтті.

FiBL және IFOAM халықаралық рейтингтері бойынша Қазақстан 123 елдің ішінде:

- ЕО-ға органикалық өнімдер экспорты бойынша 9 орында;

- органикалық бидайды экспорттаушы елдер арасында 4 орында;

- ЕО-ға органикалық зығыр тұқымдарының экспорты бойынша 6 орында.

Халықаралық сарапшылардың есептеулері бойынша Қазақстанда пайдаланылатын егістік жердің шамамен 50% және жайылымдық жерлердің 70% органикалық егіншілікке жарамды, олардың құнын 2 млрд долларға теңестіруге болады, бұл әлемдік нарықтың 1,5%-ын құрайды.

Қазақстанда органикалық өнімдерді өндірудің негізгі бағыты – өсімдік шаруашылығы,

бұл дәнді, майлы және бұршақ дақылдары. Экспорттық өнімдерге бұршақ, қарақұмық, бидай, зығыр, ноқат, сұлы, күнбағыс, тары, соя, жаздық бидай, түйегүл, судан шөбі, жасымық, эспарцет және жаздық арпа жатады. Дәстүрлі ұлттық сусындар: қымыз және шұбат сияқты органикалық өнімдердің бірегей түрлеріне де назар аудару керек.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қазақстанда және одан тыс жерлерде органикалық өнімдерді тұтыну нарығының жағдайы мен даму тенденцияларын одан әрі зерттеу қажет. Бұл қазіргі нарық жағдайында ұлттық тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының тиімді жұмыс істеуінің айқындаушы факторына айналуы мүмкін және осы өнімдерді ұлттық және әлемдік агроазық-түлік нарығында ілгерілетудің және өткізудің ықтимал жолдарын тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеуімізге сүйене отырып келесі тұжырымдар жасауға болады:

Қазақстан Республикасында Органикалық Ауыл шаруашылығын дамыту үшін субсидиялау тетігін әзірлеу қажет, өйткені қазіргі уақытта химиялық қорғау құралдары мен синтетикалық тыңайтқыштарды пайдаланатын фермерлер ғана субсидия ала алады. Ал экология мен адам үшін қауіпсіз биологиялық құралдардың құны жоғары және субсидиялауға жатпайды.

Органикалық өндіріс саласындағы ғылыми зерттеулерге мемлекеттік инвестициялар көлемін ұлғайту.

Фермерлерге органикалық өнімдерге халықаралық сертификат алу үшін мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. FiBL & IFOAM – Organics international. The World of organic agriculture statistics & emerging trends 2022. URL: <https://www.fibl.org/fileadmin/documents/shop/1344-organic-world-2022.pdf>.
2. Lotter, D.W. 2003. Organic agriculture. *Journal of Sustainable Agriculture* 21 (4): 59-128.
3. Polushkina, T., Y. Akimova, T. Koroleva, S. Kochetkova, and L. Zinina. 2020. Development of organic agriculture in the European Union member states: The role of public-private partnership. *Journal of Environmental Management and Tourism* 11 (5): 1081-94. DOI:[http://dx.doi.org/10.14505//jemt.v11.5\(45\).06](http://dx.doi.org/10.14505//jemt.v11.5(45).06)
4. О Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике». Указ Президента Республики Казахстан от 30 мая 2013 года № 577. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000577>
5. Bespaeva R.S., Karabasov R.A., Nurmuhametov N.N., Bugubaeva R.O. 2022. Ustojchivoe razvitie organicheskogo sel'skogo hozyajstva Kazahstana (regional'nyj aspekt). *Ekonomika: strategiya i praktika*, 17(4), 92-111.

6. Kuandykova M., A. Akpanov, S. Tlebayeva, A. Belgibayev, A. Makhmudov, A. Atchabarova. 2023. Attracting Investment for Rural Development: Introduction of Organic Agriculture and ESG Principles in Kazakhstan. Journal of Environmental Management and Tourism, [S.l.], v. 14, no. 5, pp. 2196-2206, sep. 2023. ISSN 2068-7729.
7. Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы / Статистикалық жинақ / Астана 2023. <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/publications/5132/>

Роль инвестиций в развитии органического сельского хозяйства как фактора повышения экспортного потенциала Республики Казахстан

¹**АЛИБЕКОВА Вильнара Нурдаuletовна**, магистр, старший преподаватель, vilnara70@mail.ru,

²***АБИЛДАЕВ Султан Таласбаевич**, PhD, ассоциированный профессор, sultan_feb@mail.ru,

²**АЛТАЕВА Гульжахан Серикхановна**, магистр, старший преподаватель, galtayeva@mail.ru,

²**АМИРОВА Гульмира Кабылбековна**, доктор по профилю, ассоциированный профессор, gulmira_gk@mail.ru,

²**МУСАБАЕВА Заузат Қолдасыновна**, магистр, старший преподаватель, zauzat79@mail.ru,

¹НАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова», ул. Толе би, 94, Алматы, Казахстан,

²НАО «Таразский университет имени М.Х. Дулати», ул. Сулейменова, 7, Тараз, Казахстан,

*автор-корреспондент.

Аннотация. Органическое сельское хозяйство является перспективной отраслью для Казахстана, имеющей огромный потенциал для увеличения объемов производства и обладающей очень большими посевными и пастбищными угодьями. В результате в сфере сельского хозяйства созданы все необходимые условия для повышения качества продовольственной продукции и сохранения окружающей среды для будущих поколений. Данная отрасль сельского хозяйства в Казахстане развивалась в начале 2000-х годов, эта отрасль продвигалась владельцами предприятий, которые увидели возможности казахстанского сельского хозяйства. В дальнейшем важную роль в развитии органического сельского хозяйства в стране сыграли международные организации и проекты. Цель исследования – проанализировать роль инвестиций в экспортный потенциал органического сельского хозяйства. При изучении ситуации использовались общепринятые методы исследования: анализ содержания современных источников, систематизация данных, сравнительный и логический анализ, обобщение, статистический анализ динамики показателей. В результате исследования мы пришли к выводу, что Казахстан имеет значительный экспортный потенциал по органической продукции в ЕС, Китай и другие страны. В Казахстане очень важна роль инвестиций, способствующих повышению конкурентоспособности сельхозпродукции, значительному улучшению имиджа страны на мировой арене, а также развитию рыночной инфраструктуры и устойчивому развитию страны в целом.

Ключевые слова: Республика Казахстан, сельское хозяйство РК, экспортный потенциал, органическое сельское хозяйство, инвестиции, органическая продукция.

The Role of Investments in the Development of Organic Agriculture as a Factor in Increasing the Export Potential of the Republic of Kazakhstan

¹**ALIBEKOVA Vilnara**, Master's Degree, Senior Lecturer, vilnara70@mail.ru,

²***ABILDAEV Sultan**, PhD, Associate Professor, sultan_feb@mail.ru,

²**ALTAYEVA Gulzhakhan**, Master's Degree, Senior Lecturer, galtayeva@mail.ru,

²**AMIROVA Gulmira**, Doctor by Profile, Associate Professor, gulmira_gk@mail.ru,

²**MUSSABAYEVA Zauzat**, Master's Degree, Senior Lecturer, zauzat79@mail.ru,

¹NPJSC «Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov», Tole Bi Street, 94, Almaty, Kazakhstan,

²NPJSC «Taraz University named after M.Kh. Dulaty», Suleymenov Street, 7, Taraz, Kazakhstan,

*corresponding author.

Abstract. Organic agriculture is a promising industry for Kazakhstan, which has a huge potential for increasing production volumes and has very large cultivated and pasture lands. As a result, all the necessary conditions have been created in the field of agriculture to improve the quality of food products and preserve the environment for future generations. This branch of agriculture in Kazakhstan developed in the early 2000s, this industry was promoted by the owners of enterprises who saw the opportunities of Kazakh agriculture. In the future, international organizations and projects played an important role in the development of organic agriculture in the country. The purpose of the study is to analyze the role of investments in the export potential of organic agriculture. In studying the situation, generally accepted research methods were used: analysis of the content of modern sources, systematization of data, comparative and logical analysis, generalization, statistical analysis of the dynamics of indicators. As a result of the study, we came to the conclusion that Kazakhstan has significant export potential for organic products to the EU, China and other countries. In Kazakhstan, the role of investments is very important, contributing to increasing the competitiveness of agricultural products, significantly improving the country's image on the world stage, as well as the development of market infrastructure and sustainable development of the country as a whole.

Keywords: Republic of Kazakhstan, agriculture of the Republic of Kazakhstan, export potential, Republic of Kazakhstan, organic agriculture, investment, organic products.

REFERENCES

1. FiBL & IFOAM – Organics international. The World of organic agriculture statistics & emerging trends 2022. URL: <https://www.fibl.org/fileadmin/documents/shop/1344-organic-world-2022.pdf>.
2. Lotter, D.W. 2003. Organic agriculture. Journal of Sustainable Agriculture 21 (4): 59-128.
3. Polushkina, T., Y. Akimova, T. Koroleva, S. Kochetkova, and L. Zinina. 2020. Development of organic agriculture in the European Union member states: The role of public-private partnership. Journal of Environmental Management and Tourism 11 (5): 1081-94. DOI:[http://dx.doi.org/10.14505//jemt.v11.5\(45\).06](http://dx.doi.org/10.14505//jemt.v11.5(45).06)
4. The concept for the transition of the Republic of Kazakhstan to a «green economy». Approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated May 30, 2013, no. 577, pp. 22-23.
5. Bespaeva R.S., Karabasov R.A., Nurmuhametov N.N., Bugubaeva R.O. 2022. Ustojchivoe razvitie organicheskogo sel'skogo hozyajstva Kazahstana (regional'nyj aspekt). Ekonomika: strategiya i praktika, 17(4), 92-111.
6. Kuandykova M., A. Akpanov, S. Tlebayeva, A. Belgibayev, A. Makhmudov, A. Atchabarova. 2023. Attracting Investment for Rural Development: Introduction of Organic Agriculture and ESG Principles in Kazakhstan. Journal of Environmental Management and Tourism, [S.l.], v. 14, no. 5, pp. 2196-2206, sep. 2023. ISSN 2068-7729.
7. Agriculture, forestry and fisheries in the Republic of Kazakhstan / statistical collection / Astana 2023. <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/publications/5132/>